

ХАТТАМА №3

18.09.2023ж

Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі студенттеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыс өтті.

Қатысқандар: 1,2,3,4 курс студенттері

Күн тәртібінде:

- 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау туралы жұмыстарын жүргізу**
- 2. Сыбайлас жемқорлыққа алдын алу мәселелері туралы ережесімен таныстыру және түсінік жұмыстарын жүргізу.**

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесінде колледж БТЖорынбасары Ю.Кисбаев пен жауапты маманы О.Калабаева сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларымен колледж студенттеріне түсінік жұмыстарын жүргізді. Жиналыс барысында мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілерінде Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойғандығын, оған сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квзимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болатындығын түсіндірді.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша колледждегі жауапты маманы О.Калабаева сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне ерекше тоқталып өтті. Оның ішінде: Алдағы уақытта 2023-2024 оқу жылының сессия кезінде ақша жинауға, дастархан жасауға, комиссия мүшелеріне сыйлық дайындауға тыйым салынатындығын, колледжде сыбайлас жемқорлық немесе заңсыз оқиға орын алған жағдайда колледж әкімшілігіне хабарламалар қалдыруды немесе құқық қорғау органдарына хабарлау керектігін, білім беру ұйымында еңбек тәртібін қатаң сақтауды; әдеп нормаларын сақтауды, қызмет ережелерінде педагог пен студенттің арасындағы субординация сақтауды тапсырды.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының оқу процесінде ашықтықты, әділдікті, адалдықты қамтамасыз ету керектігін қатаң ескертті.

Колледж басшысының у.м.а Ю.Кисбаев 2023-2024 оқу жылының сессия кезінде сыбайлас жемқорлық жағдайларының туындамауының алдын алу мақсатында барлық студенттерге ескертіліп және өз міндеттерін дұрыс орындауды талап етті. Сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болған жағдайда қатаң шара қолданатындығы туралы ескертілді.

Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары туралы ережесімен таныстырып және түсінік жұмыстарын жүргізді.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін болдырмау мақсатында жұмыстар жандандырылсын.

Жауапты: Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

жөніндегі комиссия

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары туралы ережелері бойынша жұмыстану сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

Төрайым:



Ю.Кисбаев

Хатшы:



О.Калабаева